

## ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ХАТТАМАСЫ №7

Күні: 02.03.2026 ж

Өткізілген орны: Мектеп АКТ залы

Қатысушылар:

1. Каппасов Кайрат Жомартович- «Атбасар аудандық мәслихатының аппараты»ММ ұйымдастыру бақылау бөлімінің басшысы
- 2.Сарсембекова Жанар Фазыловна - «Атбасар мәдениет үйі» МҚКК директоры
- 3.Алтыбаева Зауреш Хасимовна –Атбасар ауданы әкімдігі, бас маман
- 4.Кенжебаева Камшат Сыралықызы – ата-ана
- 5.Сейлова Аина Болатовна – ата-ана
6. Бимаганбетов Руслан Олжабаевич – Патрульдік полиция взводының командирі
- 7.Садыкова Карлыгаш – ЖК «Жібек жолы» директор
8. Тажиев Багдат –жеке кәсіпкер
- 9.Мейрамова Аида Мейрамовна ЖК « Мейрамова» директор
- 10.Нығмет Ержан- дене шынықтыру пәні мұғалімі
- 11.Нагашыбаев Нурболат - дене шынықтыру пәні мұғалімі
12. Булегенов Ербол - дене шынықтыру пәні мұғалімі

### **КҮН ТӘРТІБІ:**

- 1.Мектептегі спорттық секциялардың жұмысын және қосымша білім беру үйірмелерінің нәтижелілігін бағалау.
- 2.8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні және Наурыз мейрамын мерекелеуге арналған іс-шараларды ұйымдастыруға ат салысу.

### **1. БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:**

Тыңдалды: Мектеп директоры Н.А. Алкенова мектептегі бұқаралық спортты дамыту мақсатында жұмыс істеп жатқан секциялар туралы ақпарат және оны өткізу орнының тапшылығы туралы атап өтті. Атап айтқанда:

Тоғызқұмалақ: жетекшісі Нағашыбаев Нурболат Ұлттық ойын арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттыру, аудандық жарыстарға дайындық барысы.

Баскетбол: жетекшісі Нығмет Ержан ерлер мен қыздар командаларының жаттығу кестесі және мектепшілік турнирлердің қорытындысы.

Үстел теннисі:жетекшісі Булегенов Ербол оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттыру және материалдық базаның (теннис үстелдерінің) жай-күйі және өткізу орны туралы.

Ұсыныс: Спорттық секцияларға қатысатын оқушылар санын арттыру және жарыс жеңімпаздарын Қамқоршылық кеңес атынан ынталандыру.

### **2. ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:**

Тыңдалды: Төраға К.Ж. Каппасов көктемгі мерекелер қарсаңында мектеп ұжымы мен оқушыларға қолдау көрсету қажеттігін айтты. 8 наурызда мектептің аяулы аналары мен аруларын құттықтау, ал Наурыз мейрамында мектеп ауласында этно-ауыл құрып, ұлттық ойындар (асық ату, арқан тартыс) ұйымдастыру жоспарланды.

Ұсыныс: Мерекелік шараларға сыйлықтар мен ұлттық тағамдар ұйымдастыруға демеушілер тарту.

## ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ:

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, Қамқоршылық кеңес ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Спорттық жұмыс бойынша:

Тоғызқұмалақ, баскетбол және теннис секцияларының жұмысы «жақсы» деп бағалансын.

Мемлекеттік сатып алу жоспары тарапынан спорттық құрал-жабдықтарды (доптар, ракеткалар) жаңартуға көмек көрсету мүмкіндігі қарастырылсын.

2. Мерекелік іс-шаралар бойынша:

8 наурыз мерекесіне арналған салтанатты концерттік бағдарламаға ҚК мүшелері қатыссын.

Наурыз мейрамын тойлау кезінде мектеп оқушылары арасында тоғызқұмалақтан ашық біріншілік өткізіліп, жеңімпаздарға ҚК атынан бағалы сыйлықтар берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы



К.Ж. Каппасов

Хатшы:

*T. Мур*

Муканова